

Әскери сипаттағы арнайы мүлікті Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 қазандағы N 522

"Қару-жараққа, әскери техникаға және екі ұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Росвооружение" мемлекеттік компаниясы мен Өзбекстан Республикасының Шекара әскерлері бас басқармасы арасында жасалған 1997 жылғы 21 тамыздағы N РВ/786006091006 келісім-шартқа сәйкес әскери сипаттағы арнайы мүлікті Ресей Федерациясынан Өзбекстан

Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті кедендік бақылауды және жоғарыда аталған келісім-шартқа сәйкес әскери техниканы өткізуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі